

Халықаралық ізгілік көмек мәселелері жөніндегі комиссия туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1880 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 27 наурыздағы № 140 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 27.03.2017 № 140 қаулысымен.

"Ізгілік көмегі ретінде тауарлар әкелу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 7 тамыздағы N 1090 қаулысының 4-тармағын орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Халықаралық ізгілік көмек мәселелері жөніндегі комиссия туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

2. Халықаралық ізгілік көмек мәселелері жөніндегі комиссияның құрамы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1995 жылғы 29 желтоқсандағы
1880 қаулысымен
бекітілген

Халықаралық ізгілік көмек мәселелері жөніндегі комиссия туралы Ереже

I. Жалпы ережелер

1. Халықаралық ізгілік көмек мәселелері жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) "Ізгілік көмегі ретінде тауарлар әкелу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 7 тамыздағы N 1090 қаулысына сәйкес құрылады.

1.1. Комиссия Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы халықаралық ізгілік көмек мәселелері жөніндегі консультативтік-кеңесші орган болып табылады және Үкіметтің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша ұсыныстар әзірлеу үшін құрылған.

Ескерту. 1-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.03.03. N 267 қаулысымен.

2. Комиссия құрамын, халықаралық ізгілік көмекті тартумен, алумен және пайдаланумен айналысатын Қазақстан Республикасының министрліктерінің, өзге орталық атқарушы және жергілікті органдарының, басқа да мекемелері мен ұйымдарының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.01.21. N 72 қаулысымен, 2004.03.03. N 267 қаулысымен.

3. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шарттарды, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.03.03. N 267 қаулысымен.

4. Комиссия заң тәртібімен тіркелген, халықаралық ізгілік көмекті тартумен, алумен, пайдаланумен және көрсетумен айналысатын басқа ұйымдармен және қоғамдық бірлестіктермен тығыз ынтымақтастықта жұмыс істейді.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.03.03. N 267 қаулысымен.

5. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Комиссияның жұмыс органы болып табылады.

Комиссияның жұмыс органы Комиссия жұмысын ұйымдық-техникалық камтамасыз етуді жүзеге асырады, оның ішінде комиссия отырысының күн тәртібі бойынша ұсыныстарды, қажетті құжаттарды, материалдарды дайындайды, олар Комиссия отырысы өткізілгенге дейін үш жұмыс күні қалғанда хаттама жобасын қоса бере отырып, Комиссия мүшелеріне жіберілуі тиіс.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2014.10.31 № 1162 қаулысымен.

6. Комиссияның тапсыруы бойынша халықаралық ізгілік көмек берушімен дәрілік заттардың, жабдықтар мен медициналық бұйымдардың, медициналық ұйымдарға арналған жабдықтардың тізбесін шешу және келісіп алу құқығы Қазақстан Республикасында Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігіне ғана беріледі.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2014.10.31 № 1162 қаулысымен.

7. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.05.18 N 390 қаулысымен.

II. Комиссияның міндеттері мен қызметі

8. Комиссияның негізгі міндеттері:

Қазақстан Республикасының ізгілік көмек көрсетуіне және

шетелдік ізгілік көмекті тартуға, алуға және пайдалануға байланысты мәселелерді жедел шешу;

ізгілік көмектің пайдаланылуына бақылауды жүзеге асыру болып табылады.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.03.03. N 267 қаулысымен.

9. Негізгі міндеттерді орындау мақсатында Комиссия мынадай қызметтерді орындайды:

Қазақстан Республикасына және шетелдік мемлекеттерге халықаралық ізгілік көмек көрсету жөніндегі ұсыныстарды қарайды; адресаттары көрсетілмей жіберілген халықаралық ізгілік көмек жүктерін алушыларды айқындайды; алушылар арасында халықаралық ізгілік көмек жүктерін бөлудің лимиттерін белгілейді.

халықаралық ізгілік көмек жүктерін алушылардың осы жүктерді мақсатты пайдалануын бақылау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

Үкіметке қажетінше халықаралық ізгілік көмек ісінің жайы туралы қорытындыланған мәліметтерді, сондай-ақ өз өкілеттіктерін орындау үшін қажетті басқа да ақпаратты беріп отырады.

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.03.03. N 267 қаулысымен.

9.1. Комиссияның шешімдері ұсынымдық сипатта болады.

Ескерту. 9-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.03.03. N 267 қаулысымен.

III. Комиссияның құқықтары

10. Комиссияның:

ізгілік жүк жіберілген ұйымдардан оның мақсатқа сай

пайдаланылғаны туралы ақпарат сұратуға;

тексеру мақсатында ізгілік жүк сақталатын орындарға кедергісіз кіруге;

ізгілік жүкті сақтау және бөлу мәселелері бойынша ұсыныстар мен түсініктер беруге;

лауазымды адамдардың ізгілік жүкті сақтау және бөлу тәртібін бұзғаны үшін жауапкершілігі туралы тиісті орындарға ұсыныстар енгізуге;

ізгілік көмек көрсету туралы Үкімет кесімін әзірлеу жөнінде

Үкіметке ұсыныстар енгізуге құқығы бар.

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.03.03. N 267 қаулысымен.

11. Комиссия отырысы өткізілгеннен кейін комиссия хатшысы хаттама ресімдейді.

Ескерту. Ереже 11-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.

12. Комиссия шешімдері ашық дауыс беру арқылы қабылданады және оларға комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыс беру комиссия отырысында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 наурыздағы № 247 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультациялық-кеңесші органдар мен жұмыс топтарын құру тәртібі, қызметі мен таратылуы туралы нұсқаулыққа (бұдан әрі – Нұсқаулық) қосымшаға сәйкес нысан бойынша дауыс беру парағын толтыру жолымен өткізіледі. Дауыстар тең болған жағдайда, төраға дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

Комиссия мүшелерінің ерекше пікір білдіруге құқығы бар, оны білдірген жағдайда, ол жазбаша түрде жазылуы және Нұсқаулықтың 24-тармағында көзделген комиссияның есеп-хатына қоса берілуі тиіс.

Комиссия отырыстарын өткізу нәтижелері бойынша және дауыс беру парақтарының негізінде үш жұмыс күні ішінде хаттама жасалады, оған төраға мен хатшы қол қояды.

Дауыс беру қорытындысы бойынша хаттама жобасының мазмұны өзгерген жағдайда, комиссия хатшысы қабылданған шешімнің нақтыланған редакциясы бар дауыс беру парағын комиссия мүшелеріне келісу үшін жібереді.

Комиссия мүшелері дауыс беру парағын алғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде келісу не себептерін негіздей отырып, келіспеу туралы жауап береді.

Ескерту. Ереже 12-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.

13. Дауыс беру парақтарымен қоса, комиссия материалдары мен хаттамалық шешімдерін есепке алуды және сақтауды комиссияның жұмыс органы жүзеге асырады.

Ескерту. Ереже 13-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1995 жылғы 29 желтоқсандағы
№ 1880 қаулысымен
мақұлданған

**Халықаралық ізгілік көмек мәселелері жөніндегі комиссияның
құрамы**

Ескерту. Құрам жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2014.10.31 № 1162 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары, төраға;
Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі, төрағаның орынбасары;

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары, төрағаның орынбасары;

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті төрағасының орынбасары, хатшы;

Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі;

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі;

Қазақстан Республикасының Әділет министрінің орынбасары;

Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму бірінші вице-министрі;

Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министрі;

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі;

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі;

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары;

Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министрі;

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары.